

**«Ақпараттық жүйелер» бөлім жиынының
№11 ХАТТАМА көшірмесі**

Қатысқандар саны: 26

Өткізілген уақыты: 11.02.2025ж.

Өткізілген орны: 217 каб

Күн тәртібінде:

1. Корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту туралы;
2. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, корпоративтік Әдеп кодексін сақтау туралы;
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бөлім меңгерушісі Ә.Нұрбекова ҚР Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, жұмыс жоспарына сәйкес Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары туралы және корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту туралы сөз сөйледі. Корпоративтік мәдениеттің маңыздылығы, ұжымдағы өзара сыйластық, жауапкершілік және адалдық құндылықтарын қалыптастыру жолдары талқыланды. Корпоративтік этика — бұл ұжымдағы этикалық қатынастарды реттейтін құндылықтар жүйесі және өндірістік үрдіске қатысушы адамдарды біріктіретін негізгі элемент — біртұтас әлеуметтік организм айтылды. Сонымен қатар, оқушыларға осы құндылықтарды сіңірудің әдістері мен тәсілдері қарастырылды.

Жиналыс барысында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, корпоративтік Әдеп кодексін сақтау туралы ақпарат берді. Ақпаратта сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі ережелері, корпоративтік Әдеп кодексінің талаптары және оларды бұзған жағдайдағы жауапкершілік туралы мәліметтер ұсынылды. Педагогтардың жемқорлық көріністеріне жол бермеу және оларды анықтау бойынша міндеттері талқыланды.

Жиналыс соңында педагогтардың кәсіби этикасының сақталуына байланысты бірнеше сұрақтар көтерді. Педагогтар арасындағы қарым-қатынас мәдениетіне қатысты пікірлер айтылды. Оқытушы кез келген қоғамда жоғары сұранысқа ие, себебі әлеуметтік ортаны қалыптастыру солардың қолында, олар өмірге жүзжылдықтан жүзжылдыққа болашақ ұрпақты даярлайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте педагогтардың рөліне

ерекше назар аударды. Педагогтардың адал болуы, әділ бағалауы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруының маңыздылығын атап өтті.

Қаулы:

1. Бөлімде корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту жолға қойылсын;
2. Педагогтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша білімдерін жетілдіру мақсатында жұмыс жасалу мүмкіндігі қарастырылсын;
3. Педагогтардың кәсіби әдеп кодексін үнемі назарда ұстасын.

Төрағасы:



Хатшы:

Ә.Нұрбекова

С.Абишева